

2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 13 мамырдағы № 86 қаулысы. Ақмола облысы Целиноград ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 10 маусымда № 1-17-89 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімінің 2010 жылғы 30 сәуірдегі № А-5/79 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімінің 2010.04.30 № А-5/79 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір – маусымында және қазан – желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 543 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір – маусымында және қазан – желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шығару туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығын іске асыру туралы қаулысына сәйкес Целиноград ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар, 2009 жылдың сәуір – маусымында және қазан – желтоқсанында тиісті жергілікті әскери басқару органдар арқылы кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және қ а м т а м а с ы з е т і л с і н .

2. 1 қосымшаға сәйкес аудандық әскерге шақыру комиссиясы құрылсын және 2,3 қосымшаға сәйкес азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

б е к і т с і н .

3. Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Целиноград аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорны» (келісім бойынша) аудандық әскерге шақыру пунктін қажетті құрал саймандармен, медициналық және шаруашылық мүліктерімен қамтамасыз етсін.

4. Ауылдық округ әкімдеріне, ұйымдардың басшыларына әскерге шақырушыларды жеке шақыру қағаздарында көрсетілген қажетті құжаттармен әскерге шақыру пунктне келуін қамтамасыз етсін.

5. «Қазақстан Республикасының ішкі істер Министірлігі Ақмола облысының ішкі істер Департаменті Целиноград ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша):

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына әскери қызметке шақырушыларды жіберу және шақыру пунктінде қоғамдық тәртіпті ұстауын қамтамасыз етсін;

2) бұрын сотталған, сотта немесе тергеуде жүрген әскерге шақырушылар туралы ақпарат берсін;

3) әскерге шақырушыларды тасымалдаудағы қауіпсіздікті қамтамасыз етсін.

6. Целиноград ауданы әкімдігінің «1981-1990 жылдары туған азаматтарды 2008 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды қамтамасыз ету және ұйымдастыру туралы» 2008 жылғы 4 сәуірдегі № 71 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-17-67 болып тіркелген, аудандық «Призыв-Ұран» газетінде 2008 жылдың 25 сәуірінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. А. Жанбаевқа жүктелсін.

8. Целиноград ауданы әкімдігінің осы қаулысы 2009 жылғы 17 сәуірнен бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

9. Целиноград ауданы әкімдігінің осы қаулысы Целиноград ауданы әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Мыңжанов

КЕЛІСІЛДІ:

«Ақмола облысы Целиноград ауданының қорғаныс істері» мемлекеттік мекемесі жөніндегі

бөлім бастығы

Р. Мәденов

«Қазақстан Республикасының ішкі істер Министірлігі

Ақмола облысының ішкі
істер департаменті
Целиноград ауданының
ішкі істер» мемлекеттік
мекемесі бөлім бастығы А. Ғали

«Ақмола облысы денсаулық
сақтау басқармасы жанандағы
«Целиноград аудандық емханасы»
бас дәрігері мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны И. Юрьева

Целиноград ауданының әкімдігінің
2009 жылғы 13 мамырдағы № 86
қаулысына 1 қосымша

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Целиноград ауданы
әкімдігінің 2009.10.15 № 225 қаулысымен

Аудандық шақыру комиссиясының ҚҰРАМЫ

Апенев Дулат Сайлаубекович комиссия төрағасы, «Ақмола облысы
Целиноград ауданының қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі»
мемлекеттік мекемесі бастығының
міндетін атқарушы (келісім бойынша)

Медеубаев Ермек Муратбекович комиссия төрағасының орынбасары,
«Қазақстан Республикасының ішкі
Істер Министрлігі Ақмола облысының
ішкі істер департаменті Целиноград
ауданының ішкі істер бөлімі»
мемлекеттік мекемесі бастығының
орынбасары (келісім бойынша)

Комиссия мүшелері

Иманкулов Бегалы Сералинович «Қазақстан Республикасының Ішкі
істер министрлігі Ақмола облысының
Ішкі істер департаменті Целиноград
ауданының Ішкі істер бөлімі»
мемлекеттік мекемесі бастығының
орынбасары (келісім бойынша)

Тажиев
Сейфулла Токенович

Ақмола облысы денсаулық сақтау
- басқармасы жанындағы «Целиноград
аудандық емханасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорын
невропотолог дәрігері

Жанабаева
Саулеш Габдулманаповна

Ақмола облысы денсаулық сақтау
басқармасы жанындағы «Целиноград
аудандық емханасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны
медициналық бикесі, комиссия
хатшысы (келісім бойынша)

Целиноград ауданының әкімдігінің
2009 жылғы 13 мамырдағы № 86
қаулысына 2 қосымша

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

| | Селолық округтің аталуы | әскерге шақырыла-тындардың барлығы | 1 7 . сәу | 1 8 . сәу | 2 1 . сәу | 2 2 . сәу | 2 3 . сәу | 2 4 . сәу |
|-----|-------------------------|------------------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| № | | | | | | | | |
| п/п | | | | | | | | |
| 1 | Қоянды | 20 | | | | | 10 | |
| 2 | Воздви-женка | 40 | | | 20 | | | |
| 3 | Қабанбай батыр | 70 | 30 | | | | | |
| 4 | Қараөткел | 80 | | | | 30 | | |
| 5 | Қосшы | 40 | | | | | | |
| 6 | Красноярка | 60 | | | | | | |
| 7 | Луговое | 40 | | | | 20 | | |
| 8 | Максимовка | 60 | | 30 | | | | |
| 9 | Ақмол | 70 | | | | | | 30 |
| 10 | Мәншүк | 20 | | | | | | |
| 11 | Новоишимска | 60 | | | 30 | | | |
| 12 | Оразақ | 50 | | | | | 20 | |
| 13 | Приозерный | 40 | | 20 | | | | |
| 14 | Приречный | 40 | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|
| 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 |
|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК